

Бағдар кітапшасы

Құрметті білім алушы!

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы. Университет академиялық, ғылыми-зерттеу және инфрақұрылымдық даму әлеуеті жоғары, көпбейінді, инновациялық бағыттағы ғылыми-білім беру орталығы ретінде қалыптасқан. Оқу үрдісі университеттің академиялық саясатына сәйкес, кредиттік білім беру технологиясы негізінде білім алушылардың оқу процесінде білім көлемін ескере отырып таңдалған білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылардың өзін-өзі ұйымдастыруы және өзіндік білім алу қабілетін дамыту болып табылады.

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті жоғары білім берудің екі деңгейін – бакалавриат пен магистратураны қамтитын 77 лицензияланған білім беру бағдарламасы бойынша білім беру қызметін жүзеге асырады.

- Бакалавриат 17 даярлау бағытын қамтитын 53 білім беру бағдарламасы бойынша іске асырылады.

- Магистратура 9 даярлау бағытын қамтитын 24 білім беру бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады.

Шерхан Мұртаза атындағы ХТУ-де 367-ге жуық профессор- оқытушы жұмыс істейді, олардың 51% - профессор, ғылым кандидаттары және PhD докторлары.

Университетте оқу студенттердің жан-жақты мәдени және спорттық өмірімен ұштаса, дарынды жастарды қолдай отырып, студенттерге олардың әлеуетін ашуға көмектеседі.

Бүгінгі таңда Шерхан Мұртаза атындағы ХТУ ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асыратын аймақ экономикасының дамуына елеулі үлес қосып келе жатқан ірі ғылыми орталық болып табылады.

Шерхан Мұртаза атындағы ХТУ-де кәсіпорынның 284 практикалық базасы және 38 бөлімше филиалы бар. Университет құрамында «Аквакультура ғылыми-өндірістік орталығы», Агробиологиялық ғылыми-зерттеу орталығы, Ветеринария және мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу орталығы, «Шерхантану» орталығы , «Кәсіпкерлік орталығы» және «ІТ академиясы» жұмыс жасайды.

Университет миссиясы.

Білім беру, ғылым және шығармашылық арқылы қоғам мен экономиканы жаңғырта алатын креативті, жауапкершілікті және бәсекеге қабілетті көшбасшыларды даярлау.

Университет құндылықтары:

1. **Ашықтық пен креативтілік-** қалыптан тыс ойлау, өзгерістерге дайын болу және инновацияларға ұмтылу.

2. **Адалдық пен қоғамға қызмет ету**- этикалық ұстанымдар, ашықтық пен қоғамдық игілікке бағдарлану.
3. **Үздіксіз даму**- өсуге, өзін-өзі жетілдіруге және кәсіби шеберлікке тұрақты ұмтылыс.
4. **Дәстүрлер мен сабақтас**- тарихты құрметтеу, өзара қолдау мәдениеті және корпоративтік бірлік.
5. **Серіктестік пен академиялық еркіндік**- білімді бірлесіп қалыптастыру, пікір алуандығын құрметтеу және ғылыми тәуелсіздік.

Миссияда тұжырымдалған негізгі мақсатқа қол жеткізу үшін Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті дамудың келесі стратегиялық басымдықтарына сүйенеді:

1. Академиялық әлеуетті және білім беру сапасын нығайту.

- Қазіргі заман талаптарына сай білім беру бағдарламаларын дамыту, цифрлық технологияларды білім беру үдерісіне интеграциялау, сондай ақ қашықтан және аралас оқыту форматтарын кеңінен енгізу арқылы жаһандық еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, жоғары білікті мамандарды даярлау.

- **Ғылыми-зерттеу қызметі мен инновацияларды дамыту.** Зерттеу орталықтарын құру және қолдау, пәнаралық жобаларды дамыту, өңір мен елдің өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуге бағытталған инновациялық белсенділікті ынталандыру.

- **Халықаралық ынтымақтастық пен серіктестікті нығайту.** Халықаралық академиялық және ғылыми-зерттеу серіктестіктер желісін кеңейту, сапаның халықаралық стандарттарына сәйкес тәжірибе алмасу және кадрларды бірлесіп даярлау.

- **Инфрақұрылымды дамыту және цифрлық трансформация.** Материалдық-техникалық базаны жаңғырту, оқу және ғылыми үдерістерге арналған заманауи зертханалар мен цифрлық платформаларды енгізу, орнықты әрі экологиялық жауапты инфрақұрылымды қамтамасыз ету.

- **Инклюзивті және белсенді студенттік ортаны қалыптастыру.** Студенттік бастамаларды қолдау, әлеуметтік серіктестік бағдарламаларын дамыту, студенттік өзін-өзі басқару мен волонтерлік жүйені нығайту арқылы әлеуметтік жауапкершілік пен азаматтық ұстанымды қалыптастыру.

- **Орнықты даму мен әлеуметтік әл-ауқатқа үлес қосу.** Қоршаған ортаны қорғауға, өмір сапасын арттыруға және білім беру үдерісінің барлық қатысушылары үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге бағытталған білім беру және ғылыми жобалар арқылы Тұрақты даму мақсаттарын іске асыруға университеттің белсенді қатысуы.

Сіз еліміздің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының бірі және ең жас - Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің

студенті болдыңыз. Төрт жыл бойы оқып, біліммен сусындататын осы үлкен студенттік отбасының бір мүшесі болып табыласыз. Қызық та қиындыққа толы білім шыңына талпынудың жолында Сіз алғашқы қадамды жасадыңыз. Сізге осы жоғары оқу орнында бүкіл әлемге танымал, ғылыми еңбектері мен кітаптары дүние жүзінің баспаларында жарық көрген профессор-оқытушылардан дәріс ала отырып, жоғары ғылыми институттардың жетістіктерімен, ғылыми орталықтармен таныс боласыз. Жақсы маман болу жолында алған білімдеріңіз бен дағдыларыңыздың нәтижесінде Сіз ғылым мен мәдениет әлеміне енесіз. Университетте алған білім мен барлық мүмкіндіктеріңізді барынша пайдалана отырып, Сіз жоғары білімді азамат бола аласыз. Университетте белсенді болыңыз. Шерхан Мұртаза атындағы ХТУ профессор-оқытушылар құрамы сіздің студенттік өміріңіздің сан қырлы болуына, өзіндік қиындықтарын еңсеріп, тұлғалық қанаттануыңызға барлық жағдай жасайды.

Біз сізге оқу процесінде ыңғайлы болу үшін осы нұсқаулықты ұсынамыз. Онда сіз университеттің студенттік өмірі, оқу процесі, практика, емтихандар, сондай-ақ басқа да көптеген пайдалы ақпарат туралы жиі қойылатын сұрақтар мен студенттерге оқу барысында туындайтын сұрақтарға жауап таба аласыз.

ЖОО-ны кім басқарады?

Ректор – п.ғ.д., профессор **Сарыбеков Махметғали Нұрғалиұлы** (ректордың қабылдау бөлімі байланыс телефоны 54-11-28)

Академиялық жұмыстар жөніндегі проректор – э.ғ.к., доцент **Кадырова Ақмарал Сатбековна** (проректордың қабылдау бөлімі байланыс телефоны 54-11-25)

Стратегия, ғылым-инновация және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор- доктор **PhD, Исабекова Гулнур Болатбековна** (проректордың қабылдау бөлімі байланыс телефоны 54-11-25)

Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор - доктор **PhD Құлабекова Гүлшат Қамбарбекқызы** (байланыс телефоны 51-90-99)

Шерхан Мұртаза атындағы ХТУ факультеттері жайлы МӘЛІМЕТ

«ПЕДАГОГИКА» ФАКУЛЬТЕТІ

Факультет деканы- доктор PhD Нурбеков Талғат Балтабекович

Кафедра меңгерушілері:

Жалпы педагогика кафедрасының меңгерушісі- **п.ғ.к., Мықтыбаева Кулизат Сагынғалиевна**

Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының меңгерушісі- **доктор PhD Әбдимомынов Еділбек Бахытжанович**

Шетел тілдері кафедрасының меңгерушісінің міндетін атқарушы -
магистр, Байгулина Эльмедира Аркабаевна

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МАМАНДЫҚТАР ФАКУЛЬТЕТІ

Факультет деканы- п.ғ.к., доцент Кұрманбекова Айгуль

Саукымбекқызы

Кафедра меңгерушілері:

Дене шынықтыру және спорт кафедрасының меңгерушісі – доктор PhD

Наурызбаев Дархан Мырзабекович

Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесі кафедрасының
меңгерушісі- доцент **Джекенов Пақыт Сулейменович**

Бастапқы әскери дайындық және шығармашылық мамандықтар
кафедрасының меңгерушісі- т.ғ.к. **Таукебаева Күнсұлу Сатхановна**

«ЖАРАТЫЛЫСТАНУ» ФАКУЛЬТЕТІ

Факультет деканы- доктор PhD Нұрғабылов Мұрат Нуридинұлы

Кафедра меңгерушілері:

Биология, ауылшаруашылық мамандықтар кафедрасының меңгерушісі-
т.ғ.к. **Айтекова Құралай Ускенбаевна**

Жаратылыстану мамандықтары кафедрасының меңгерушісі- PhD доктор
Омарова Алия Жанадиловна

Стандартизация және ветеринарлық санитария кафедрасының
меңгерушісі- т.ғ.к., доцент **Маликтаева Пернеш**

Ақпараттық коммуникативтік технологиялар кафедрасының меңгерушісі-
п.ғ.к. **Оңғарбаева Марал Бүркітбайқызы**

Тарих және география кафедрасының меңгерушісі- PhD доктор
Мырзабеков Жамбыл Ерғараұлы

«ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БИЗНЕС» ФАКУЛЬТЕТІ

Факультет деканы- PhD доктор Куатбеков Жарас Алпысбайұлы

Кафедра меңгерушілері:

Экономика және басқару кафедрасының меңгерушісі - э.ғ.к. **Наренова Айман Нурмагамбетовна**

Қаржы және есеп кафедрасының меңгерушісі- э.ғ.к. **Есперов Елдос Избасарович**

«ЗАҢ» ФАКУЛЬТЕТІ

Факультет деканы - з.ғ.к. Назира Асқарбекқызы

Мемлекеттік және құқықтық пәндер кафедрасының меңгерушісі- PhD
доктор **Жексембаева Наркес Есімханқызы**

Азаматтық және қылмыстық істер кафедрасының меңгерушісі - **PhD** доктор
Газаев Асхат Ибрагимович

СІЗ БІЛЕ ЖҮРЕТІН ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМДЕР:

Академиялық саясат басқармасы

АСБ-ның атқаратын міндеттері:

- факультет деканаттарымен бірге оқу процесін ұйымдастыру;
- ҚР ҒЖБМ және университеттің қабылдаған нормативтік базалармен оқу процесінде қолданылатын құжаттардың сәйкестігін қадағалау;
- оқу процесінің көрсеткіштерін жүйелі түрде талдау;
- кәсіби практикалардың өтуін ұйымдастыру және өткізілуін талдауға және бақылау;
- оқу үрдісінің оқу-әдістемелік және ақпараттық материалдармен қамтамасыз етілуін ұйымдастыру;
- оқу жылына профессор-оқытушы және оқу-көмекші құрамының штаттық кестесін дайындалуына қатысу;
- оқу – ғылыми зерттеу зертханаларының және басқа оқу аудиторияларының жаңа оқу жылына дайындығын ұйымдастыру;
- университет түлектерінің жұмысқа орналасуын және жұмыспен қамту орталықтарымен байланысты ұйымдастыру және олардың қажеттілігін жинап талдау;
- Мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес барлық білім беру бағдарламалары мен оқу түрлері бойынша оқу жұмыс жоспарларын дайындауды ұйымдастыру, кафедралардың пәндер тізімін бекітілуін қадағалау. **АСБ бастығы - Жундибаева Ботагоз Калдыбековна**
(байланыс телефоны 54-11-26).

Тіркеу-офисі

Тіркеу-офисі бөлімі (ТО) – Тіркеу офисі университеттің дербес бөлімі.

Тіркеу офисі бөлімінің негізгі міндеттері:

- академиялық топтарды құруға және білім беру үдерісіне эдвайзерлерді тарту, білім алушыларға білім беру траекториясын таңдауға және білім алушылардың жеке оқу жоспарының қалыптастыруына көмектесу;
- студенттерді орталықтандырылған онлайн тіркеу, пәндердің пәнаралық таңдауын қамтамасыз ету, жұмыс оқу жоспарына енгізілген студенттердің өзі таңдаған пәндерді таңдау еркіндігін қамтамасыз ету, олардың жеке оқу жоспарын құруға тікелей қатысуын қамтамасыз ету, білім беру бағдарламасының игерілуін сапалы ұйымдастыру;

- білім алушылардың оқу пәндері бойынша жинақталған кредиттерін есепке алып, оны бірінші курстан бастап оқуды бітіргенге дейінгі кезеңде бекітілген форма бойынша жүргізу;

- білім алушыларға ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау ұйымдастыру және жүргізу;

- білім алушылардың бүкіл оқу барысындағы оқу жетістіктерін есепке алу, академиялық рейтингтерін GPA (білім алушының оқудағы жетістіктері деңгейінің орташа есеппен алғандағы бағасы) есептеу;

- білім алушыларға транскрипт беру және транскрипттерді қайта қалпына келтіру (басқа ЖОО нан ауысқан білім алушылар үшін);

- білім алушылардың қосымша оқу мен академиялық қарыздарын немесе оқу жоспарындағы айырмашылықтарды жою мақсатында сұраныс талаптарын қанағаттандыру мақсатында жазғы семестрді ұйымдастыру;

- Қазақстан Республикасы ҒЖЖБМ конкурс жариялаған босаған білім гранттарына қатысатын үміткерлердің құжаттарын дайындау;

- білім алушыларға қажетті ақпаратты қамтамасыз ету және басқару: білім алушылардың академиялық үлгерім жазбаларын (жиынтық ведомостар, транскриптер) сақталуы, жинаған баллдары мен кредиттері туралы ақпаратты басқару;

- PLATONUS электрондық порталында автоматты ақпараттар жүйесіне білім алушылардың барлық оқу процесіне қатысты мәліметтерін жинақтау;

- университетте оқу процесіне бейресми білім беру нәтижелерін тану (Coursera, Cisco, Huawei) құзыреттер мен білімдер жиынтығын рәсімдеу;

- қосымшасын пайдалану бойынша мәліметтерді тіркеу және студент үлгерімін қадағалау;

- эдвайзер-кураторлар – академиялық жетекшілер қызметінің жұмысын басқару және бақылау.

Тіркеу офісінің жетекшісі - Азимова Мадина Алиайдаровна (байланыс телефоны 54-11-26).

Студенттерге қызмет көрсету орталығы

Студенттерге қызмет көрсету орталығында білім алушылардың жеке іс құжаттары рәсімделеді. Басқа жоғары оқу орнынан ауысып келген және басқа жоғары оқу орнына ауысатын студенттер мен магистранттардың жеке ісін құжаттарын дайындауды қадағалау және бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне ауысу, оқуға қайта қабылдану және де басқа жағдайда құжаттарыңыздың көшірмелері қажет болған жағдайда сонымен қатар, түрлі анықтамалар қажет болған жағдайда студенттерге қызмет көрсету орталығынан кеңес аласыздар.

**Студенттерге қызмет көрсету орталығы бастығы Абдуллаева
Разия Байдрахманқызы (байланыс телефоны 54-11-27/112).**

Жастар саясаты және тәрбие жұмысы басқармасы

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінде тәрбие жұмысы маңызды орын алады. Университеттегі тәрбие жұмысының басты мақсаты – жалпы адамзаттық құндылықтарды құрайтын қоғамдық-мәдени акты ретіндегі сабақтан тыс уақытты алғанда оқу пәндеріне, оқу уақытына деген қатынасы ғана емес, тұлғаның өзі таңдап алған кәсібіне деген қатынасты қалыптастыру болып табылады. Университетте білім алушылардың жан-жақты дамуы мен белсенділігін арттыру, оларға экономикалық-әлеуметтік және мәдени бағыт-бағдар беру мақсатында жастар ісі жөніндегі комитеті мен студенттік өзін-өзі басқару құрылымын қамтитын бөлім ретінде құрылған.

«Жастар саясаты және тәрбие жұмысы» басқармасының функционалдық міндеттері:

- университет студенттері арасында тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру және бақылау;
- әлеуметтік жағынан аз қорғалған, мүгедек және отбасылы студенттермен тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруды бақылау;
- сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға байланысты өткізілетін жұмыстарды қадағалау;
- университетте өткізілетін мәдени, шығармашылық, танымдық және тәрбие жұмыстарына жетекшілік жасау;
- университеттегі жастар саясатының жұмысын жүргізу;
- факультет студенттерімен бірлескен тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға қатысу;
- шығармашылық байқаулар өткізу;
- студенттер арасында әлеуметтік сауалнамалар жүргізу;
- студенттердің еңбек жасақтарының қалыптасуына ықпал ету;
- көркемөнерпаздар ұжымдарының жұмыстарын ұйымдастыру және бақылау;
- университет деңгейінде өткізілетін атаулы күндерге байланысты іс-шараларды ұйымдастыру, басшылық жасау және өткізу, сонымен қатар облыста, аймақта және Республикада өтетін іс-шараларға атсалысу;
- студенттер арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу шараларын ұйымдастыру;
- қала және облыс құқық қорғау органдары басшыларымен тұрақты байланыс орнату.

**Жастар саясаты және тәрбие жұмысы басқарма бастығы -
Сансызбаев Нұрлан Қаражанович (байланыс телефоны 54-11-25/127).**

Студенттер үйі

Студенттер үйі – еліміздің басқа аймақтары мен аудандардан келген студенттерге арналған жатақхана. Бүгінгі күні университетте екі жатақхана бар: 500 орындық Студенттер үйі және 86 орындық №2 студенттік жатақхана. Университеттің «Студенттер үйінің ішкі тәртібі туралы» Ережеге сәйкес, Студенттер үйіне 20 тамыздан бастап өтініштер қабылданады.

Студенттер үйінде заманауи инфрақұрылым қарастырылған. Атап айтқанда, тәулікбойы жұмыс істейтін Электронды оқу залы, студенттердің пікір алмасып, бизнес-тренингтер мен шеберлік сабақтарын өткізетін Коворкинг орталығы, онлайн семинарлар мен вебинарлар өткізуге арналған зал, кездесулер мен жиналыстарға арналған конференц-зал, кино залы, студенттік асхана және кофе-дүкен жұмыс істейді.

Студенттер үйінің директоры- **Мұқашев Нұрлан** (байланыс телефоны 54-11-25)

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар департаменті

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар департаменті (УИКТ) оқу және басқару қызметінде ақпараттық технологияларды енгізетін университеттің құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

АКТБ мақсаты:

- Құрылымдық бөлімше Sirius.htu.kz порталын ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етеді.
- On-line режимінде сабақтарды ұйымдастыру;
- электронды тестілеуді өткізу;
- университеттің бірыңғай ақпараттық кеңістігін құру, деректерді беру жүйесін, оның ішінде телекоммуникация желісін дамыту және қолдау;
- университеттің барлық құрылымдық бөлімшелерінің (соның ішінде деканаттар, кафедралар) және компьютерлік сыныптарының компьютерлік техникасына техникалық қызмет көрсету, жөндеу, бағдарламаларды орнату, профилактикалық қызмет көрсету, жаңарту;
- аудиториялардың материалдық құндылықтарын сақтау мақсатында компьютерлік сыныптарды кезекшілермен қамтамасыз ету, оқушылар мен қызметкерлерге қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелері бойынша нұсқау беру.

Бөлім меңгерушісінің міндетін атқарушы – **Дауталиев Амир Кадыргалиевич** (байланыс телефоны 54-11-24/107)

АҚПАРАТТЫҚ-КІТАПХАНАЛЫҚ ОРТАЛЫҚ

қызметін пайдалану ережесі

Осы ЕРЕЖЕ «Шерхан Мұртаза атындағы ХТУ Ақпараттық-кітапханалық орталығының құрылым ережесі» негізінде құрылып, Ақпараттық-кітапхана орталығы (АКО) және оның қызметін пайдаланушылар арасындағы қызметтерді реттейді. Ақпараттық-кітапханалық орталық директоры – **Сапарғалиева Сымбат Нұрғалиқызы**

Пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттері

1. Пайдаланушы құқылы:

- АКО-ның кітапханалық-библиографиялық және ақпараттық қызметтерінің негізгі барлық түрлерін пайдалануға;
- АКО-ның кітап қорының құрамы туралы ақпараттар алуға, ақпараттар көзін іздестіру және таңдау барысында кеңестер алуға;
- құжаттарды үйге немесе оқу залдарында уақытша пайдалану үшін алуға;
- құжаттарды немесе олардың көшірмесін белгіленген тәртіпке сай электронды құжаттар нұсқасын алуға;
- АКО ұйымдастырып өткізетін көпшілік жұмыстарға қатынасуға;
- АКО әкімшілігіне әр түрлі сауалдар мен ұсыныстар жасауға.

2. Пайдаланушы міндетті:

- жыл сайын оқу жылы басында пайдаланушылар абонементте тіркелуі, немесе қайта тіркелуі тиіс; тіркелмеген немесе қайта тіркелмеген пайдаланушыға АКО құрылымдық бөлімдерінде қызмет көрсетілмейді;
- АКО құрылымдық бөлімдерінде құжаттарды алып пайдалану үшін оқырман билетін көрсетуге;
- АКО құрылымдық бөлімдерінен пайдалануға алған құжаттарына жауапкершілікпен қарап, белгіленген мерзімінде өткізуге;
- құжаттарды алу барысында әр құжатты мұқият тексеріп, қандайда бір ақауы болған жағдайда АКО қызметкеріне көрсетуге; құжаттың бүлінуіне соңғы алған пайдаланушы жауапкершілікте саналады;
- пайдаланушы жұмыстан, оқудан шыққан жағдайда және оқу жылы соңында алған құжаттарын түгел қайтаруға;
- құжатты жоғалтқан немесе бүлдірген жағдайда, кітапхана әкімшілігі соған тең деп таныған құжатпен алмастыруға;
- жоғалған құжатқа тең деп саналатын құжатпен алмастыру болмаған жағдайда талапқа сәйкес құнын төлеуге;
- АКО құрылымдық бөлімдерінің қызметін пайдалану барысында тазалық пен тыныштықты сақтауға, басқа оқырмандар мен кітапхана қызметкерлерімен ілтипатты қатынаста болуға.

Инклюзивті білім беру және психологиялық қолдау көрсету орталығы

Инклюзивті білім беру және психологиялық қолдау көрсету орталығының қызметі – студенттер мен қызметкерлерді психологиялық-педагогикалық қолдауды қамтамасыз етумен, олардың психикалық денсаулығын нығайтуға, ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді қоса алғанда, оқу қызметі және толық әлеуметтену үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған университеттің бөлімшесі.

Орталық қызметінің негізгі бағыттарының бірі мүгедектер мен мүмкіндігі шектеулі адамдардың ерекше білім алу қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерінің әртүрлілігін ескере отырып, олардың білім алу қолжетімділігі мен сапасын арттыру болып табылады.

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті үшін инклюзивті білім берудің моделін енгізу денсаулық шектеулеріне қарамастан, әрбір адамның жоғары білімге тең қол жеткізу құқығын қамтамасыз ете отырып, әлеуметтік бағдарланған саясат бағыттарының бірі болып табылады.

БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ ТӨЛЕМАҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МӨЛШЕРІ

Жоғары кәсіптік білім берудің төлемақы мөлшері ұлттық валютамен белгіленеді. Көрсетілген төлемақы көлемі базалық болып есептеледі. Келесі оқу жылдарында оқыту бағасына әсер ететін әртүрлі факторларды есепке ала отырып және мемлекеттік білім гранты бойынша студентті оқыту үшін белгіленген қаржы көлемінің өзгеруіне байланысты төлемақы мөлшері өзгеруі мүмкін. Өзгертілген төлемақы мөлшері университеттің Ғылыми кеңесінде бекітіліп, онымен жаңа оқу жылы басталғаннан кейін он күн ішінде білім алушы немесе тапсырыс беруші хабардар етіледі.

Төлемақы университеттің есеп шотына Жамбыл облысы және Тараз қаласында орналасқан кез-келген банктен аударылады. Ағымдағы оқу жылында төлемақыны толығымен немесе келесі ретпен бөліп төлеуге міндеттеледі:

1 қыркүйекке дейін - 10%

1 қазанға дейін - 25%

1 желтоқсанға дейін – 50%

1 ақпанға дейін - 75%

1 сәуірге дейін - 100%

**Шерхан Мұртаза атындағы ХТУ де оқу төлем ақысына келесі
жеңілдіктер қарастырылған:**

- Ата-анасы жоқ немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттерге;
 - Ата-анасының біреуі қайтыс болған студенттерге;
 - Ауған соғысының ардагері немесе Чернобыль атом стансасының зардабын жоюға қатысқан немесе Семей ядролық полигогындағы ядролық сынақтың әсерінен ата-анасының біреуі жапа шеккен студенттерге;
 - Ата-анасының біреуі I, II топтағы мүгедек болып саналатын студенттерге;
 - I, II, III –топтағы немесе бала кезінен мүгедек студенттерге;
 - Бір жанұядан бірнеше студент күндізгі бөлімде оқыған жағдайда;
 - Балалары 18 жасқа толмаған көп балалы жанұядан оқуға қабылданған студенттерге (5 және одан жоғары).
 - Спортта жоғары жетістіктер көрсеткен студенттерге.
- Осы аталған категорияларға 10 нан 100% дейінгі жеңілдіктер қарастырылған.

Сіз біліп жүруіңіз керек

Жаңа ұғымдар мен терминдермен танысу үшін, сіздерге **Глоссарий** дайындалған:

- 1) **Академиялық күнтізбе (Academic Calendar)** - оқу жылы бойына демалыс күндерін (каникулдар мен мерекелерді) көрсете отырып, оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіби практикаларды өткізу күнтізбесі;
- 2) **академиялық кезең (Term)** - үш нысанның біреуін таңдайтын өз білім беру ұйымының еркімен белгіленетін теоретикалық кезең: семестр, триместр, тоқсан;
- 3) **дескрипторлар (descriptors (дэскрипторс))** – білім алушылардың жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің құзыреттіліктерде және академиялық кредиттерде қалыптасқан оқыту нәтижелеріне негізделетін тиісті деңгейінің (сатысының) білім беру бағдарламасын оқып аяқтауы бойынша алған білім, іскерлік, дағды және құзыреттілік деңгейі мен көлемінің сипаттамасы;
- 4) **жеке оқу жоспары (бұдан әрі – ЖОЖ)** – білім беру бағдарламасы және элективті пәндер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен студенттің әр оқу жылына арнап өзі құрастыратын оқу жоспары;
- 5) **жоғары арнаулы білім (специалитет)** – кемінде **300** академиялық кредит міндетті түрде меңгерілетін тиісті білім беру бағдарламасы бойынша маманның біліктілігін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі;
- 6) **жоғары оқу орны компоненті (бұдан әрі – ЖК)** – білім беру бағдарламасын меңгеру үшін ЖЖОКБҰ айқындайтын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемінің тізбесі;

- 7) **құзыреттілік** – оқу процесінде алған білімді, шеберлік пен дағдыны кәсіби қызметте практикалық тұрғыда пайдалана білу қабілеті
- 8) **микробіліктілік** - жекелеген еңбек функцияларын орындауға мүмкіндік беретін, қысқа оқу кезеңі аяқталғаннан кейін алынған білім, дағдылар мен құзыреттер жиынтығы;
- 9) **нано-кредит** – дербес және аяқталған сипаттағы оқу материалының шағын көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі;
- 10) **кеңейтілетін дәрежелер (Stackable degree (стакэбл дегри))** – әртүрлі салалардан немесе кәсіби қызметтің салаларынан формальды және формальды емес білім арқылы алынған дағдылар мен құзыреттер жиынтығы;
- 11) **міндетті компонент** – МЖМС-да белгіленген және білім беру бағдарламасы бойынша студенттер міндетті түрде оқитын оқу пәндерінің және тиісті академиялық кредиттердің ең төменгі көлемінің тізбесі;
- 12) **оқу жұмыс жоспары (бұдан әрі – ОЖЖ)** – білім беру бағдарламасы және студенттердің жеке оқу жоспарлары негізінде ЖЖОКБҰ дербес әзірлейтін оқу құжаты;
- 13) **таңдау компоненті** – ЖЖОКБҰ ұсынатын, пререквизиттері мен постреквизиттерін ескере отырып, кез келген академиялық кезеңде студенттердің өздері таңдайтын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең аз көлемінің тізбесі;
- 14) **Еуропалық трансферт (аудару) және кредиттер жинақтау жүйесі (ECTS (еситиэс))** – студенттің шетелде алған кредиттерін өзінің білім беру ұйымына оралғаннан кейін олардың дәреже алуы үшін есептелетін кредиттерге аудару, сондай-ақ білім беру бағдарламалары шеңберінде кредиттер жинақтау тәсілі;
- 15) **оқыту нәтижелері** – білім алушылардың білім беру бағдарламасын меңгеру бойынша алған, көрсететін білімдерінің, машықтарының, дағдыларының бағалаумен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтар мен қатынастар;
- 16) **білім алушылардың білім срезі** – білім алушылардың академиялық оқу кезеңіндегі оқу жетістіктерін бағалау;
- 17) **академиялық ұтқырлық (мобильдік)** – білім алушыларды немесе оқытушы-зерттеушілерді белгілі бір академиялық кезеңге: семестр немесе оқу жылына өзге жоғары оқу орнына (ел ішінде немесе шетелде) игерген білім бағдарламаларын міндетті түрде кредит түрінде сынақ ретінде тапсыра отырып өз ЖОО-сында немесе өзге ЖОО-да білімін жалғастыру немесе зерттеулер жүргізу үшін ауыстыру;
- 18) **академиялық еркіндік** – білім беру үрдісінің субъектілеріне оларды таңдау бойынша жиынтық пәндерден, оқытудың қосымша түрлерінен білім мазмұнын дербес анықтау үшін және білім алушылардың, оқытушылардың

шығармашылық дамуына және оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін қолдануға жағдай жасау мақсатында білім беру қызметін ұйымдастыру үшін ұсынылатын білім беру процесі субъектілерінің өкілеттіктер жиынтығы;

19) **антиплагиат** - Интернеттегі және басқа қайнар көздерден алынған мәтіндік құжаттарды тексеруге арналған бағдарламалық-аппараттық кешен;

20) **апелляция** - келіспеген жағдайда шешімге қарсы шағым;

21) **академиялық дәреже** – білім алушылардың қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша оларға білім беру ұйымдары беретін тиісті білім берудің оқу бағдарламаларын меңгеру дәрежесі;

22) **академиялық сағат** - кесте бойынша оқу сабақтарының дәрістік , практикалық (семинарлық) сабағының бір байланыс сағатына (50 минутқа), студиялық сабақтың 1,5 байланыс сағатына (75 минутқа), зертханалық сабақ пен дене шынықтыру сабағының 2 байланыс сағатына (100 минутқа), оқу практикасының 1 байланыс сағатына (50 минутқа), педагогикалық практикалардың 2 байланыс сағатына (100 минутқа), өндірістік практикалардың 5 байланыс сағатына (250 минутқа) тең байланыс жұмысының уақыты;

23) **білім алушының академиялық рейтингі (Rating)** – аралық аттестаттау нәтижелері бойынша жасалатын білім алушының оқу бағдарлама пәнін игеру деңгейінің сандық көрсеткіші;

24) **белсенді үлестірмелі материалдар (KYM) (Hand-outs)** - білім алушының тақырыпты шығармашылықпен табысты меңгеру үшін оқу сабақтарында таратылатын көрнекі безендірілген материалдар (дәріс тезистері, сілтемелер, слайдтар, мысалдар, глоссарийлер, өз бетінше жұмыс істеуге арналған тапсырмалар);

25) **білім алушыларды қорытынды аттестаттау (Qualification Examination)** - мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында қарастырылған оқу пәндерінің игеру дәрежесін немесе көлемін анықтау мақсатында өткізілетін рәсім;

26) **білім алушылардың үлгерімін баллды-рейтингтік тексеру** – бекітілген академиялық күнтізбеге сәйкес, білім алушылардың білімін оқу бағдарламасына сәйкес , тестілеу және басқа түрдегі нысандар негізінде өткізілетін оқудағы жетістіктерін жүйелі түрде тексеру;

27) **білім алушылардың өзіндік жұмыстары (бұдан әрі БӨЖ)** – өз бетінше оқуға берілген, оқу-әдістемелік әдебиеттермен және ұсынымдармен қамтамасыз етілген, тест, бақылау жұмыстары, коллоквиумдар, рефераттар, шығармалар мен есеп берулер түрінде бағаланатын тақырыптардың нақты тізбесі бойынша жасалатын жұмыс; білім алушының санатына қарай ол студенттің өзіндік жұмыстары (бұдан

- әрі СӨЖ), БӨЖ-дің барлық көлемі білім алушылардан күнсайын өзіндік жұмыстарды талап ететін тапсырмалармен расталады.
- 28) **білім алушылардың оқудағы жетістігі** - білім алушылардың оқу үдерісінде алатын және жеке тұлғаның қол жеткізген даму деңгейін көрсететін білімі, іскерліктері мен дағдылары, құзыреті;
- 29) **білім беру порталы** – Қашықтықтан оқыту процесін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін, әкімшілік, академиялық және оқу-әдістемелік ақпаратты қамтитын ақпараттық ресурстар мен Интернет-қызметтердің жүйелі түрде ұйымдастырылған, өзара байланысты жиынтығы;
- 30) **геймификация (геймификация)** – ережелері, рөлдері, виртуалды марапаттары, миссиялары, ойын мақсатына жету үшін мағыналы таңдау жасау мүмкіндігі бар оқытудың онлайн-процестерін ойынға айналдыру;
- 31) **екі дипломдық білім** – екі тең бағалы диплом немесе бір негізгі және екінші қосымша диплом алу мақсатында білім беру бағдарламалары және оқу жоспарлары бойынша параллельді білім алу мүмкіндігі;
- 32) **қашықтықтан оқыту** - қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы оқыту;
- 33) **қашықтықтан оқыту технологиялары (DOT)** - бұл негізінен ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолдана отырып, оқушы мен оқытушы арасындағы делдалдық (қашықтықта) немесе толық емес өзара әрекеттесу арқылы жүзеге асырылатын технологиялар;
- 34) **қосымша білім беру бағдарламасы (Minor) (минор)** - қосымша құзыреттіліктерді қалыптастыру мақсатында оқитын студент анықтайтын пәндер және (немесе) модульдер және басқа да тәрбиелік жұмыс түрлері.
- 35) **кейс технологиясы** - оқу, әдістемелік материалдар жиынтығын (кейстерін) қағазға, электронды және басқа ақпарат құралдарына алуға және студенттерге өзіндік жұмыс үшін таратуға негізделген технология.
- 36) **кредит (Credit, Credit-hour)** – білім алушының/оқытушының оқу жұмысы көлемін өлшейтін сәйкестендірілген бірлігі;
- 37) **кредиттік оқыту технологиясы** - білім алушы мен оқытушының оқу жұмысы көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі ретінде кредитті қолдану арқылы білім алушының пәндерді таңдауы және реттілікпен оқуын дербес жоспарлауы негізінде оқыту;
- 38) **контент** - ақпараттық мазмұн - мәтіндер, графикалық, мультимедиялық және басқа ақпараттық мазмұн.
- 39) **мультимедиа** - бұл біртұтас ақпараттық орта ретінде ұйымдастырылған, біртектес емес мәліметтермен (графика, мәтін, дыбыс, бейне) интерактивті режимде жұмыс істеуге мүмкіндік беретін аппараттық және бағдарламалық құралдар жиынтығы.

40) **модуль** - білім алушылардың білімі, білігі, дағдысы және құзыреттілігі бағалау критерийлеріне сәйкес келетін нақты тұжырымдалған, дербес, білім беру нәтижелері тұрғысынан аяқталған білім беру бағдарламаларының құрылымдық элементі;

41) **модульдік білім беру бағдарламалары** - білім алушылардың қандай да бір дәреже және біліктілік алуы үшін қажетті негізгі құзыреттіліктерді меңгеруіне бағытталған оқу модульдерінің жиынтығын қамтитын оқыту бағдарламасы;

42) **модульдік оқыту** - білім беру бағдарламаларын, оқу жоспары мен оқу пәндерін модульдік негізде құрастыратын оқу үдерісін ұйымдастыру тәсілі;

43) **Негізгі білім беру бағдарламасы (Major)** - бұл студенттің негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыру мақсаттарын анықтайтын білім беру бағдарламасы;

44) **оқу пәніне жазылу (Enrolment)** - білім беру ұйымдары белгілеген тәртіппен білім алушының оқу пәндеріне алдын-ала жазылу рәсімі;

45) **оқу пәніне жазылу (Enrollment)** – білім алушылардың оқу пәніне белгілі бір тәртіппен алдын-ала жазылу рәсімі;

46) **оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік, әріптік жүйесі** - халықаралық тәжірибеде қабылданған әріптік жүйедегі сандық эквивалентіне сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингін белгілеуге мүмкіндік беретін балл түріндегі оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау жүйесі;

47) **оқу үлгерімінің орташа балы (Grade Point Average - GPA)** – (ағымдық оқу кезеңі бойынша кредиттердің жалпы санына қарай аралық аттестаттау пәндерінің балдық бағасының сандық эквиваленті мен кредиттер сомасының қатынасы) білім алушының таңдаған бағдарлама бойынша бір оқу жылындағы қол жеткізген оқу үлгерімінің таразыланған орташа бағасы; 27) оқу модулі- білім алушылардың құзіреттіліктері тұтас немесе жартылай қалыптасатын олардың нақты оқыту нәтижелерін меңгеруіне бағытталған білім беру бағдарламасының құрылымдық элементі;

48) **оқытушының басшылығымен жүргізілетін білім алушының өзіндік жұмысы (бұдан әрі - ОБӨЖ)** – бекітілген кесте бойынша оқытушының басшылығымен жүргізілетін білім алушының аудиториядан тыс жұмысы; білім алушының санатына қарай ол: оқытушының басшылығымен жүргізілетін студенттің өзіндік жұмысы (бұдан әрі - ОСӨЖ);

49) **Офис регистратор** - білім алушылардың оқудағы жетістіктерінің барлық тарихын тіркеумен айналысатын және білімін бақылаудың барлық түрлерін, оның академиялық рейтингісіне есеп жасауды ұйымдастыруды қамтамасыз ететін академиялық қызмет;

- 50) **онлайн-прокторинг** - жеке тұлғаны тексеру және онлайн емтихандарын тапсыру нәтижелерін растау жүйесі;
- 51) **оқытуды басқару жүйесі (LMS)** - электрондық оқытуды, виртуалды кабинеттерді және онлайн-курстарды қоса алғанда, барлық білім беру іс-шараларын жоспарлау, жеткізу және басқару үшін жоғары деңгейлі, стратегиялық шешім;
- 52) **пәндер бағдарламасы (Syllabus)** - оқитын пәннің сипаттамасын, мақсаттары мен міндеттерін, оның қысқаша мазмұнын, оның үйренуі тақырыбы мен ұзақтығын, өзіндік жұмыс тапсырмаларын, кеңес беру уақытын, білім алушылардың білімін тексеру кестесін, оқытушы талаптарын, бағалау өлшемдерін қамтитын оқу бағдарламасы және әдебиеттер тізімі;
- 53) **пәннің сипаттамасы (Course Description)** - пәннің мазмұнын, мақсаттары мен міндеттерін, қысқаша нысанды қамтитын пәннің қысқаша сипаттамасы (5-8 сөйлемнен тұрады);
- 54) **постреквизиттер (Postreguisite)** - аталған пәнді оқыту аяқталғанда оларды зерделеу үшін меңгерілген білім, икемділіктер мен дағдыларды қажет ететін пәндер;
- 55) **пререквизиттер (Prerequisite)** - оқылатын пәнді игеру үшін қажетті білім, икемділіктер мен дағдыларды қамтитын пәндер;
- 56) **ресми емес білім** - институционалды, көбінесе білім беру қызметтерін, оқытуды өткізудің орны, уақыты мен формасын ескерместен ресми түрде ұсынатын және жоспарлаған тұлға немесе ұйым тағайындаған, сонымен қатар жоспарланған және белгіленген тәртіппен танылған оқу нәтижелерін растайтын құжат беру.
- 57) **ресми білім** институционалды, мақсатты білім беру қызметін жүргізуге лицензиясы бар білім беру ұйымдары тең, құрылымдық жоспарланған білім беру, оның нәтижелері ұлттық деңгейде танылады және ресми білім беру құжатымен расталады.
- 58) **синхронды оқыту** нақты уақыт режимінде білім алушы мен оқытушы арасындағы байланысты қамтиды. Бұл үшін қашықтықтан білім беру технологиялары жүйелерінің чаттары немесе бейнеконференциялар қолданылуы мүмкін.
- 59) **транскрипт (Transcript)** – білімді бағалаудың сандық және әріптік жүйесі бойынша кредиттері мен бағалары көрсетілген тиісті кезеңде өтілген пәндердің тізбесі бар құжат;
- 60) **тьютор** – студенттің нақты пәнді игеруі бойынша академиялық кеңесші рөлін атқаратын оқытушы;
- 61) **форум** - сұрақ-жауап» режимінде ғаламтор арқылы өткізілетін пайдаланушыға қатысушылармен байланысуға мүмкіндік беретін LMS элементі

62) **цифрлық білім беру ресурстары (ЦОР)** оқуды қамтамасыз ететін оқылатын пәндер және модульдер бойынша дидактикалық материалдар: фотосуреттер, бейнеклиптер, статикалық және динамикалық модельдер, виртуалды объектілері және интерактивті модельдеу, дыбыстық жазбалар және басқа сандық оқу материалдары;

63) **дипломдық жұмыс** – білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес студенттің өзекті проблеманы өз бетінше зерделеу нәтижелерін жинақтауды білдіретін бітіружұмысы;

64) **дипломдық жоба** – жобалау элементтерін қолдана отырып және (немесе) бизнес-жобаларды, модельдерді, сондай-ақ шығармашылық сипаттағы жобаларды дайындау түрінде орындалған білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін қолданбалы міндеттерді дербес шешуді білдіретін студенттің бітіру жұмысы;

65) **чат** - бұл ғаламтор арқылы нақты уақыт режимінде қолданушыға өзінің көріну аясына жататын білім беру процесінің қатысушыларымен байланыс орнатуға мүмкіндік беретін LMS элементі;

66) **эдвайзер (Advisor)** - тиісті мамандық бойынша білім алушының академиялық тәлімгерінің қызметін атқаратын, оқу траекториясын таңдауына (жеке оқу жоспарының қалыптасуына) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламаларын игеруіне ықпал ететін оқытушы;

67) **элективтік пәндер каталогы** – белгіленген кредит шеңберінде және білім беру ұйымы енгізетін таңдау бойынша, білім алушылардың жеке дайындығын көрсететін әлеуметтік-экономикалық дамытудың ерекшеліктерін және нақты өңірдің, жоғары оқу орындарында ғылыми мектеп пайда болатын қажеттіліктерін есепке алатын компонентке кіретін оқу пәндері;

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру

1. Оқу жылы академиялық кезеңдерден, яғни аралық және қорытынды аттестация кезеңінен, практика мен демалыстардан тұрады. Университеттегі академиялық кезең бір семестр, яғни 15 аптаны құрайды. Бір оқу жылы, әдетте, 30-36 аптадан тұрады, оның ішінде 30 апта теориялық дайындық (күзгі және көктемгі семестрлер), 2 апта (қысқы және жазғы емтихан сессиялары), бітіруші курстарда 12 аптаға дейін - қорытынды бақылау.

2. Әр оқу жылының ұзақтығы мен мерзімі академиялық күнтізбеде көрсетіледі, ол өткен оқу жылының соңында студенттер мен оқытушылардың назарына ұсынылады. Факультет ұсынатын элективті пәндердің мазмұны туралы студенттердің кең ақпараттануын қамтамасыз

ету үшін элективті пәндердің каталогы шығарылады. Каталогты кафедралар құрастырады және студенттер назарына ұсынады.

Оқу жұмысының көлемін жоспарлау кезінде бір академиялық кредит оның барлық түрлері бойынша 30 академиялық сағатқа тең деп есептеледі. Оқу жұмыстарының барлық түрлері үшін бір академиялық сағат 50 минутты құрайды.

2026-2027 оқу жылы бойынша

1-курсқа арналған

АКАДЕМИЯЛЫҚ КҮНТІЗБЕ

ЖОО-на студенттерді қабылдау

25 тамызға дейін

Ұйымдастыру апталығы

25.08.2026-04.09.2026

Күзгі семестр

Білім күні

1 қыркүйек

Оқу басталуы

07 қыркүйек

1-ші аралық бақылау

26 .10.2026 -30.10.2026

2-ші аралық бақылау

14.12.2026 -18.12.2026

ҚР Тәуелсіздік күні

16-17 желтоқсан

Емтихан сессиясы

21.12. 2026 - 31.12.2026

Жаңа жыл

1-2 қаңтар

Қысқы демалыс

04 .01.2026- 22.01.2027

Барлығы күзгі семестр бойынша:

Теориялық оқыту

15 апта

Емтихан сессиясы

2 апта

Демалыс

3 апта

Көктемгі семестр

Семестрдің басталуы

25 .01.2027ж

Халықаралық әйелдер күні

8 наурыз

1-ші аралық бақылау

15.03.2027-19.03.2027

Наурыз мейрамы

21,22 наурыз

Оқу-танысу практикасы

05.04.2027 – 09.04.2027

Оқу-педагогикалық практика

12.04.2027 – 16.04.2027

Оқу-педагогикалық практика /IP/

05.04.2027 – 16.04.2027

Оқу-танысу практикасы (кафедрада)

05.04.2027 – 09.04.2027

Оқу-танысу практикасы(өндірісте)

12.04.2027 – 16.04.2027

Қазақстан елдерінің бірлігі күні

1 мамыр

Отан қорғаушылар күні

7 мамыр

Жеңіс күні	9 мамыр
2-ші аралық бақылау	17.05.2027-21.05.2027
Емтихан сессиясы	24.05.2027 - 04.06.2027
Жазғы семестр	07.06.2027-16.07.2027

Барлығы кектемгі семестр бойынша:

Теориялық оқыту	15 апта	
Емтихан сессиясы	2 апта	
Жазғы семестр		6 апта

Оқу пәніне жазылу тәртібі

Пәнді оқу үшін оқытушы мен пәнді таңдау Тіркеуші офісі ұйымдастыратын ресми тіркеу арқылы жүзеге асырылады. 2 және жоғары курс студенттері үшін оқу пәндеріне жазылу ақпан айынан басталады. 1 курс студенттері үшін оқу пәндеріне жазылу оқуға қабылданған уақыттан 4 қыркүйекке дейін жүргізіледі.

Таңдау пәндерін анықтау эдвайзердің көмегімен жүзеге асырылады. Эдвайзер білім алушыларды элективті пәндер каталогындағы пәнді презентация әдісімен, әр альтернативті пәннің пререквизиттері және постреквизиттерімен таныстырып, кеңес береді, пәнді таңдауға ұсыныс жасайды. Пәнге жазылу электронды түрде жүргізіледі. Пәнге жазылу үшін студент өзінің логині мен паролі арқылы арнайы бағдарламаға кіреді.

«PLATONUS» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі

Университетте оқу үдерісін, студенттердің білім алу тарихын, қашықтықтан оқыту, электронды құжат айналымы жүйесі жұмыстарын жүргізуге бағытталған «Platonus» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі жұмыс жасайды. Аталған жүйе әрбір қызметкер мен студентке жеке виртуалды кабинетте жұмыс істеуге, өзіне тиісті ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Өзінің логині мен паролін қолдана отырып, студент академиялық күнтізбеде белгіленген тіркеу мерзімінде пәндерге жазылады. Студент жеке виртуальді кабинетінде өзі білім алып отырған мамандығының типтік оқу бағдарламасымен, оқытушылардың жеке карточкасымен, пәндердің силлабустарымен танысып, оқытушы мен пәндерді таңдайды.

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінде білім алушылардың үлгеріміне ағымдық, аралық және қорытынды аттестаттаудан өткізудің тәртібі

Білім алушыларға ағымдық, аралық және қорытынды аттестаттау университеттің Академиялық саясаты негізінде ұйымдастырылған.

Модульдік оқытудың негізгі қағидаларының бірі студенттердің білімін тиімді бақылау, семестр бойы бақылау шараларын тарату болып табылады. Оқу үлгерімінің ағымдық бақылауында оқушылардың оқу жетістіктері әр орындалған тапсырма үшін 100 баллдық шкаламен бағаланады (ағымдық сабақтарға жауап (белсенділік), үй тапсырмасы, студенттің өзіндік жұмысы (СӨЖ), аралық бақылау) және академиялық үлгерімнің ағымдық бақылауының қорытынды нәтижесі барлығының арифметикалық ортасын есептеу арқылы есептеледі. Ағымдағы бақылау апта сайын өткізіледі. Бақылаудың қорытынды бағасын анықтау кезінде ағымдық бақылаудың жалпы бағасы апталар санына бөлінеді (ағымдық бақылаудың саны), алынған санды 0,6 ға көбейтіледі. Мысалы, 15 апталық семестрде және 2 межелік бақылаудың максималды бағасы $((1500+200):17)*0,6=60$ балл болады. Аралық бақылау кезінде емтихан бағасы 0,4 коэффициентке көбейтіледі, осыған сәйкес екі бағаның қосындысы нәтижесінде аралық аттестация қорытындысы шығады.

Білімді бағалау мен бақылау қалай жүзеге асырылады?

Университет студенттерінің оқу жетістіктерін бағалау саясаты және үлгеріміне ағымдағы бақылау, студенттердің аралық және қорытынды аттестациясын жүргізу тәртібі Шерхан Мұртаза атындағы ХТУ Академиялық саясатымен және белгіленген баллдық-рейтингтік әріптік жүйемен анықталады.

Бағалау жүйесі ағымдағы және қорытынды бағаларды қою, сапалы білім алу жолдары жағынан толығымен ашық болады.

Білім алушының ағымдағы және аралық бақылаудың барлық түрлерін жүргізеді және студенттердің ағымдағы үлгерімінің тиісті бағасын көрсетеді (ағымдық және аралық бақылау баллдарының орташа арифметикалық мәні). Бұл ретте оқушылардың оқудағы жетістіктері әрбір орындалған тапсырма бойынша 100 баллдық жүйемен бағаланады.

Шерхан Мұртаза атындағы ХТУ-де кредиттік жүйе бойынша білім алушылардың оқудағы жетістіктерін төрт балдық жүйе бойынша сандық эквивалентке сәйкес бағалаудың әріптік жүйесі келесі кестеде көрсетілген бағалар бойынша анықталады.

Әріптік баға	Баллмен баға	Пайызбен баға	Дәстүрлі жүйе бағасы
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	

B-	2,67	75-79	Қанағаттанарлық
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
Fx	0,5	25-49	
F	0	0-24	

Білім алушылардың оқу жетістіктері (білімі, іскерліктері, дағдылары мен құзыреттері) халықаралық практикада қабылданған цифрлық эквиваленті бар әріптік жүйеге және дәстүрлі жүйедегі бағаларға сәйкес келетін 100 балдық шкала бойынша (оң бағалар "A"-дан "D"-ға дейін азаю арқылы және "қанағаттанарлықсыз" - "FX", "F") балдармен бағаланады. "FX" белгісіне сәйкес келетін "қанағаттанарлықсыз" баға алған жағдайда, білім алушы оқу пәнінің/модульдің бағдарламасын қайта өтпей-ақ аралық бақылауды қайта тапсыру мүмкіндігіне ие. "F" белгісіне сәйкес келетін "қанағаттанарлықсыз" баға алған жағдайда, білім алушы осы оқу пәніне/модуліне қайта жазылады, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жұмысының барлық түрлері орындайды және қайта тапсырады.

Білім беру бағдарламасын іске асыру сапасын арттыру және білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында бақылау процестері оқу және қорытынды болып бөлінеді.

Білім алушыға оқу пәндері (модульдер) және оқу жұмысының басқа түрлері бойынша, сондай-ақ білім беру бағдарламалары зерделеу аяқталған соң, академиялық кредиттер беру олардың қол жеткізген оқу нәтижелері оң бағаланған жағдайда жүзеге асырылады. Білім алушының алдыңғы оқу деңгейлерінде және формальды білім берудің басқа ұйымдарында қол жеткізген оқу нәтижелері мен алған оң бағаларын ЖОО академиялық кредиттерді қайта санау арқылы дербес таниды.

Егер студент емтиханға келмеген жағдайда, онда емтихан тізбесіне оның фамилиясының тұсына «келген жоқ» деген белгі қойылады. Егер емтиханға белгілі себептермен келмесе, онда деканат емтиханды жеке мерзімде тапсыру туралы шешім қабылдайды.

Білім алушылар аралық бақылаудың нәтижесімен келіспесе, емтихан тапсырған күні апелляцияға беруге құқылы.

Жазғы семестр

Жазғы семестр академиялық қарыздарды жою, оқу бағдарламаларындағы академиялық айырмашылықтарды жою, сондай-ақ

жеделдетілген және қосымша дайындық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жазғы семестрде оқу процесін ұйымдастыру туралы ХТУ нұсқауларына сәйкес ұйымдастырылады. Жазғы семестрдің ұзақтығы университет оқу үрдісінің академиялық күнтізбесімен анықталып, 6 аптаны құрайды.

Жазғы семестр білім беру қызметінің келесі түрлерін жүзеге асыруды көздейді:

- мамандықтың жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламаларына сәйкес оқу сабақтарының барлық түрлерін қамтамасыз ету;

- білім алушыларға консультация беру;

- студенттің кәсіби ой-өрісін кеңейту мақсатымен университеттің мамандықтары бойынша оқытылатын кез-келген оқу курстарын игеруі.

Жазғы семестрді өту үшін келесі студенттер қалдырылады:

- рейтинг-бақылау нәтижелері бойынша емтиханға жіберілмеген білімгерлер;

- аралық бақылауды «қанағаттанарлықсыз» бағасын алғандар;

- өткен академиялық кезеңдерде академиялық қарыздары бар білім алушылар;

- қайта қабылдау, басқа жоғары оқу орнынан ауысу және академиялық демалыстан шығу кезінде академиялық айырмашылықтары бар білім алушылар.

Студенттер жазғы семестрді ақылы негізде оқиды.

Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген стипендияның тағайындалуы

Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген стипендиялары (бұдан әрі – Президенттік стипендия) студенттердің ғылыми-зерттеу және оқу-танымдық қызметін ынталандыруға; анағұрлым талантты және дарынды студенттерді қолдауға; интеллектуалды әлеуетін қалыптастыруға ықпал етуге бағытталған.

Президенттік стипендия күндізгі оқу нысаны бойынша оқитын студенттерге 3-курстан бастап, мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша және ақылы негізде тек «өте жақсы» (А, А-) оқитын студенттерге беріледі.

Президенттік стипендия білім алушылардың мынадай санаттарына тағайындалады:

- 1) республикалық және халықаралық олимпиадалардың, шығармашылық конкурстардың, спорттық жарыстардың, фестивальдардың жеңімпаздары немесе жаңалық авторлары;

- 2) ғылыми еңбек жинақтарында, республикалық және халықаралық ғылыми журналдарда жарияланымдары бар;

3) табыстары дипломдармен, грамоталармен, сертификаттармен, куәліктермен расталған ғылыми-зерттеу жұмыстарымен белсенді айналысатындар;

4) білім беру ұйымының қоғамдық, мәдени және спорттық өміріне белсене араласатындар.

Президенттік стипендия ғылыми кеңестің шешімі негізінде университет ректорының бұйрығымен жүзеге асырылады. Президенттік стипендия бір академиялық кезеңге тағайындалады. Президенттік стипендия жоғары оқу орнының ғылыми кеңесінің шешіміне сәйкес бір тұлғаға бірнеше рет берілуі мүмкін.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша студенттерге шәкіртақы тағайындау

Күндізгі оқу түрінде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алатын білім алушыларға (студенттер мен магистранттарға) аралық аттестациядан (емтихан сессиясынан) «өте жақсы», «өте жақсы, жақсы» бағаларына сәйкес бағалардың баламасы үшін мемлекеттік стипендия тағайындалады.

«Қазақстан халқына» қоғамдық қорының білім беру гранттарының тағайындалуы

Қазақстан әлеуметтік-экономикалық мәртебесі төмен адамдар үшін жоғары оқу орындарында әділқол жеткізуді қамтамасыз ету бойынша тағайындалады. Грант ізденушілер Қазақстан Республикасының азаматтары бола алады:

- ауылдық жерлердегі, шағын және моноқалалардағы аз қамтылған отбасылардан;

- жетім балалар немесе кәмелетке толғанға дейін ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;

- мүгедектігі бар адамдар;

- мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан;

2022 жылғы қаңтардағы қайғылы оқиғалар кезінде қаза тапқан Қазақстан Республикасы азаматтарының балалары;

- 2022 жылғы қаңтардағы қайғылы оқиғалар кезінде жараланған балалар;

- Төтенше жағдай кезінде зардап шеккен Қазақстан Республикасының қаза тапқан азаматтарының балалары (Қордың Қамқоршылық кеңесінің шешімі негізінде).

«ХТУ-дың 100 гранты» әлеуметтік жобасы бойынша білім беру грантын тағайындау

«ХТУ-дың 100 гранты»- университетте оқуға ақылы негізде техникалық, жаратылыстану, гуманитарлық, ауыл шаруашылығы, әлеуметтік және экономикалық ғылымдар саласында 1 курсқа қабылданған студенттердің оқу, ғылыми және практикалық қызметін ынталандыруға бағытталған әлеуметтік жоба болып табылады.

«ХТУ-дың 100 гранты»- әлеуметтік жобасының мақсаты- білім, ғылым, өнер және спорт салаларында талантымен ерекшелене білген Жамбыл облысы студент жастарының тегін жоғары білім алуын қолдау және облысты білікті жас мамандармен қамтамасыз ету. Аталған жоба аясында Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті жыл сайын дәстүрлі түрде 100 білім беру грантын тағайындайды.

«ХТУ-дың 100 гранты» білім беру грантын тағайындау Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы және Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің Жарғысы негізінде жүзеге асырылады.

1. ХТУ-дың 100 гранты білім беру грантын тағайындау туралы

«ХТУ-дың 100 гранты» білім беру гранты **1-курсқа қабылданған студенттерге бір оқу жылына тағайындалады.** Білім беру грантын келесі оқу жылына созу мәселесі өткен оқу жылының нәтижелерінің негізінде (оқу үлгерімі, ғылыми-зерттеу жұмысына қатысу, қоғамдық белсенділік, спорт пен өнер саласындағы және т.б. жетістіктері) комиссиясының отырысында қаралып, шешім қабылданып, университет ректорына ұсыныс жасалынады.

Білім беру гранты төмендегі көрсеткіштерге байланысты тағайындалады:

- «Алтын белгі» иегерлері болып табылатын талапкерлерге;
- «Үздік аттестат» иегерлеріне ҰБТ-дан жоғары балл алған жағдайда: педагогикалық ғылымдар, құқықтану білім беру бағдарламаларына түсушілер— 90 және одан жоғары;
- әлеуметтік-экономикалық, жаратылыстану, техникалық және ауылшаруашылық білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) сертификаты балдарының көрсеткіштері -75 және одан жоғары, шығармашылық білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) сертификаты балдарының көрсеткіштері -20 және одан жоғары, шығармашылық емтихандар балдары әрқайсысынан 45 және одан жоғары алған талапкерлерге;
- Спорт пен өнер саласындағы Халықаралық және Республикалық жарыстар мен байқаулардың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне (университетке қажетті спорт түрлерінен).

- Қазақстан Республикасы оқу-ағарту Министрлігінің тізіміне кірген Республикалық пәндік олимпиадалардың және ғылыми жобалар байқауларының жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне.
- Білім беру грантына үміткерлер өтініштері мен растайтын құжаттарының көшірмелерін университеттің қабылдау комиссиясына ағымдағы жылдың 25-тамызына дейін тапсыру қажет.
- «ХТУ-дың 100 гранты» білім беру грантынан босаған орындарға (студенттің мемлекеттік грантқа ауысуы, басқа оқу орнына ауысуы, оқудан шығуы, ҚР Президентінің стипендиясын иеленуі және т.б) білім, ғылым, өнер және спорт салаларында талантымен ерекшелене білген жоғары курс студенттері тағайындала алады.
- Білім беру бағдарламасына (БББ) берілген білім беру гранты студент басқа БББ-ға ауысқан жағдайда грант сол бастапқы БББ –да қалады.
- Білім беру гранты иегерлері әр оқу жылының академиялық қорытындысы (оқу үлгерімінің жоғары болуы, білім, ғылым, өнер және спорт саласындағы жетістіктерінің толықтырылып отырылуы, университет имиджін арттыруға қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысуы) негізінде нақтыланып отырылуы тиіс.
- «ХТУ-дың 100 гранты» білім беру грантын тағайындау комиссиясының отырысы жылына 1 рет өткізіледі.

Ескерту: білім беру грантын тағайындауға байланысты арнайы құрылған комиссия оқу жылы барысында Ереже талаптарына сәйкес қосымша отырысын өткізуге құқылы.

- Құжат қабылдау мерзімінен кешіктірілген құжаттар комиссия отырысында қарастырылмайды.

«ХТУ-дың 100 гранты» білім беру гранты иегерлеріне стипендия тағайындалмайды.

2. ХТУ-дың 100 гранты білім беру грантын тоқтату немесе қайта тағайындау туралы

- Білім беру гранты студент басқа ЖОО-ға ауысқан немесе оқудан шыққан жағдайда тоқтатылады және студент білім беру гранты негізінде оқыған мерзіміне байланысты есептелген сомасын университетке қайтаруға міндетті.
- Білім беру гранты иегерлерінің үлгерімі ағымдағы емтихан қорытындысы бойынша GPA 2.33 балдан төмен болғанда және білім, ғылым, спорт пен өнер саласында әр оқу жылының соңында жетістіктер көрсете алмаған жағдайда білім беру грантын барлық көрсеткіштері жоғары басқа студентке комиссияның шешімі негізінде қайта тағайындауға болады.

- Шығармашылық білім беру бағдарламалары тобы бойынша аталған конкурсқа қатысатын талапкерлердің ҰБТ сертификаты тек 2 пәннен (Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы) болуы міндетті.
- Ереже бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

Академиялық ұтқырлық

Академиялық ұтқырлық дегеніміз-білім алушылардың немесе оқытушы-зерттеушілердің белгілі бір академиялық кезеңге (оқу немесе өндірістік практикадан өтуді қоса алғанда), әдетте семестрге немесе оқу жылына басқа жоғары оқу орнына (ел ішінде немесе шетелде) оқыту немесе зерттеу жүргізу үшін, белгіленген тәртіппен игерілген білім беру бағдарламаларын міндетті түрде қайта есептей отырып, оқыту немесе зерттеу жүргізу.

Академиялық ұтқырлық аясында ҚР жоғары оқу орындары :

Шерхан Мұртаза атындағы МТУ да академиялық ұтқырлық бағдарламасы екі бағытта жүзеге асырылуда:

- ішкі академиялық ұтқырлық (Қазақстандық серіктес ЖООларда);
- сыртқы академиялық ұтқырлық (шетелдік серіктес ЖООларда).
- Академиялық ұтқырлық бағдарламасының талаптары: GPA-3.0-4.0;
- Ағылшын тілін білу (университетішілік тест);
- Университеттің тәрбие қызметі бойынша студенттің белсенділігі;

Ішкі академиялық ұтқырлық үшін қажетті құжаттар:

- студенттің өтініші; - транскрипт;
- деканаттан шынымен не үйреніп жатқандығы туралы анықтама;
- Қазақстан үшін № 075 медициналық анықтама.

Сыртқы академиялық ұтқырлық үшін қажетті құжаттар:

- студенттің өтініші; - транскрипт; - үшжақты келісім;
- шет елдер үшін №082 медициналық анықтама ;
- қазақ(орыс) тіліне аудармасы бар шақырудың нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- шет тілін меңгеру туралы сертификат (IELTS, TOEFL және т. б.);
- ғылыми кеңестен үзінді;
- Жеке оқу жоспары.

Білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау

Шерхан Мұртаза атындағы ХТУ-де білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау, университеттің Академиялық саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

Білім алушыларды бір оқу бағдарламасынан екіншісіне, бір Жоғарғы оқу орнынан екіншісіне ауыстыру және қалпына келтіру туралы өтініштерін ұйым басшысы жазғы және қысқы демалыс кезеңінде қарайды.

Жұмыс оқу жоспарларындағы айырмашылық өтінішті қарау кезінде міндетті және университет компоненттердің бакалавриат пәндеріне 30 ECTS кредитінен аспауы керек, ал элективті пәндер кредиттер көлеміне сәйкес келуі керек, аударым төмендегі бағам бойынша жүзеге асырылады. Университетте студентті бір білім беру бағдарламасынан екінші білім беру бағдарламасына ауыстыру жеке талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

Оқу жұмыс жоспарлары пәндеріндегі академиялық айырмашылықты оқитын пәндер тізбесі негізінде алғышарттарды, олардың бағдарламаларын және академиялық сағаттардағы немесе кредиттердегі көлемдерін ескере отырып, оқуын аяқтамаған адамдарға берілген транскриптте немесе анықтамада көрсетілген академиялық айырмашылықты анықтайды.

Жұмыс оқу жоспарларының пәндеріндегі академиялық айырмашылықты қабылдаушы білім беру ұйымы транскриптте немесе білім алуды аяқтамаған тұлғаларға берілетін анықтамада (бұдан әрі – Академиялық анықтама) көрсетілген оқыған пәндерінің тізбесі, олардың бағдарламалары мен академиялық сағаттардағы немесе кредиттердегі көлемі негізінде айқындайды.

Жұмыс оқу жоспары пәндеріндегі академиялық айырмашылықты жою үшін білім алушы осы пәндерге жазылады, академиялық кезең ішінде оқу сабақтарының барлық түріне қатысады, ағымдағы бақылаудың барлық түрін тапсырады, қорытынды бақылауға жіберілгендігі туралы рұқсат алады. Егер академиялық айырмашылық пәндері ағымдағы академиялық кезеңнің оқу сабақтарының кестесіне енгізілмеген жағдайда, білім алушы оларға жазғы семестрге жазылады.

Жазғы семестрде жойылмаған жұмыс оқу жоспары пәндеріндегі академиялық айырмашылық кейіннен академиялық қарыз ретінде ескеріледі.

Егер жоғары оқу орындарының (бұдан әрі - ЖОО) білім алушылары жеке оқу жоспарына сәйкес меңгеріп жатқан бағдарламасының бірінші академиялық кезеңін толық аяқтаса, олар оқудан шығарылғаннан кейін ауыса алады немесе қайта қабылдана алады.

Бұл ретте білім алушы оқудан шығарылған мерзіміне қарамастан кез келген оқыту нысанына, кез келген мамандыққа және кез келген жоғары оқу орнына ауыса немесе қайта қабылдана алады. Білім алушыны бір мамандықтан екіншісіне, бір оқыту нысанынан екіншісіне ауыстыру ақылы негізде оқу үшін ғана жүзеге асырылады. Білім алушыны ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде олардың әрі қарай оқу курсы пререквизиттерді есепке ала отырып айқындалады.

Білім алу кезеңінде Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарында әскери міндетін өтеуге шақырылған білім алушылар тиісті

курсқа қайта қабылданады. Бұл ретте жоғары оқу орындары ағымдағы оқу жылы ішінде тапсыруға қажетті пререквизиттер тізбесін анықтайды.

1) қабылдаушы ЖОО басшысының атына жазылған ауысу туралы өтінішке оқу ісі жөніндегі проректор мен офис-тіркеуші қол қойған, мөрмен бекітілген транскрипттің, оқыған ЖОО басшысының атына жазылған өтініштің (басшының қолы қойылып, мөр басылған) көшірмелері қоса берілуге тиіс;

2) факультет деканы ұсынылған құжаттардың негізінде оқу жоспарларындағы пәндер айырмашылықтарын айқындайды және меңгерілген пререквизиттерге сәйкес оқу курсын белгілейді, білім беру бағдарламасына сәйкес меңгерілген кредиттерді қайта есептейді және тіркеу бөлімімен келісім бойынша білім алушының жеке оқу жоспарын бекітеді;

3) факультет деканы, офис-тіркеуші, академиялық мәселелер департаменті басшысы, оқу ісі жөніндегі проректор қойған бұрыштамаларға сәйкес ЖОО басшысы білім алушыны ауыстыру туралы бұйрық шығарады.

Ауыстыру, қайта қабылдау кезінде қол жеткізілген оқу нәтижелері, білім алушының оң бағалары академиялық кредиттерді бір ББ-дан екіншісіне, бір білім беру ұйымнан екінші білім беру ұйымына ауыстыру арқылы танылады. Барлық академиялық кредиттер және білім алушының формальды және формальды емес білім берудегі алған оқу нәтижелері бүкіл өмір бойы жиналады.

Бейресми білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тану

Бейресми білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы No 544 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы No 248 қаулысы, Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы негізінде Бейресми білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тануды талапқа сәйкес ұйымдастыру мақсатында университетте ректордың бұйрығымен комиссия құрамы және Бейресми білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тануды талапқа сәйкес жүргізу мақсатында эксперттік комиссия құрамы жұмыс жасайды. Университетте оқу процесінде Жалпы ашық онлайн курсты (MOOK) интеграциялау мақсатында COURSERA платформасы қосымшасы орнатылған болатын. Сондай-ақ ақпараттық технологиялар білім беру бағдарламасының білім алушылары үшін CISCO. HUAWEI порталдары бар.

Нәтижесінде университет білім алушыларына әлемнің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарынан дәріс алу мүмкіндігі жасалған.

GPA - Grade Point Average

Білім алушыны курстан курсқа ауыстыру жазғы емтихан сессиясының қорытындысы (аралық аттестаттау) бойынша жазғы семестрдің нәтижелерін және алынған орташа үлгерім балдарын (GPA - Grade Point Average) ескере отырып жүзеге асырылады. Әрбір оқу жылының аяғында білім алушының академиялық жетістіктері бойынша үлгерімнің орташа балы – GPA есептеліп шығарылады. GPA – студенттің ағымдағы оқу кезеңі ішіндегі кредиттердің жалпы санына әрбір пән бойынша алынған қорытынды балдың сандық эквивалентіне кредиттердің (1-ші кестеде берілген) көбейтілген сомасының арақатынасы болып табылады.

Формуласы:

$$GPA = \frac{\kappa_1 \cdot \bar{b}_1 + \kappa_2 \cdot \bar{b}_2 + \dots + \kappa_n \cdot \bar{b}_n}{\kappa_1 + \kappa_2 + \dots + \kappa_n} ;$$

Мұндағы $\kappa_{1,...,n}$ - әрбір пән бойынша кредиттердің саны, $\bar{b}_{1,...,n}$ - білім алушының әрбір пәннен алынған қорытынды балы. Университетте оқу жылының соңында емтихан сессиясының нәтижелері бойынша курстан курсқа ауысу жүзеге асырылады. ХТУ-да оқу курстары аясында келесі ең төменгі ауысым баллы (GPA) белгіленген:

2 курс - 1,33 балл (оқу үлгерімі - D +);

3 курс - 1,67 балл (баға деңгейі - C-);

4 курс - 2,0 балл (оқу үлгерімі - C)

Жұмыс оқу жоспарының талаптарына сәйкес келмейтін және GPA-дан белгіленген өту балын жинамаған білім алушы қайта оқу курсына қалады. Білім алушының ЖОО-да белгіленген ауысу балынан төмен емес үлгерімнің орташа балына (GPA - Grade Point Average) қол жеткізуі білім алушыны курстан курсқа ауыстырудың міндетті шарты болып табылады.

Интеграцияланған GPA

Интеграцияланған GPA- студенттің жетістіктерін бағалауға арналған кешенді жүйе. Ол оқу барысындағы академиялық үлгерімді ғана емес, сонымен қатар ғылыми-зерттеу қызметін, волонтерлікті, шығармашылық бастамаларды, көшбасшылық қасиеттер мен азаматтық белсенділікті де ескереді.

Студенттердің ішкі тәртіп ережесі

Шерхан Мұртаза атындағы ХТУ-нің ішкі тәртіп ережесіне сәйкес студенттер тиісті білім бағдарламалары мен оқу жоспарларында қарастырылған барлық тапсырмалар түрлерін бекітілген мерзімде

тапсыруға міндетті. Білім алушылардың ағымдық үлгерімін орталықтан бақылау үшін, олардың жұмыстарының ритмін және де университетте өтіп жатқан оқу үрдісінің сапасын, өту барысын және ұйымдастырылуын тиімді бақылау үшін оқытушының қадағалауымен студенттердің өзіндік жұмысына және аудиториялық сабақтарға қатысуын қадағалау мақсатында бақылау жүйесі әрекет етеді. Студент сабақ кестесіндегі барлық сабақтарға қатысуы тиіс.

Факультет декандары білім алушылардың сабаққа қатыспау себептерін және ай сайын сабақтардан (себепсіз және себепті) қалу себептерін анықтап, оперативті шаралар қолданады, оқу-әдістемелік бөлімге ай сайын сабаққа қатысу нәтижесін беріп отырады. Сабаққа қатыспау санын азайтады, сабақты көп жіберетін студенттерге тәртіптік және педагогикалық шаралар қолданады.

Студенттің Ар-намыс кодексіне сәйкес студент, ХТУ студенттері оқу орнында тұруы керек, киім киюге арналған киімдерді басқа тәсілмен (хип-пи, металлокк, діни киім үлгісі хиджаб (қыздар үшін), шалақ шалбар және сақал қою (жігіттер үшін). Дене тәрбиесі сабағына – міндетті түрде спорттық костюм.

ЕГЕР СІЗ САБАҚҚА ҚАТЫСА АЛМАЙ ҚАЛСАҢЫЗ НЕ ІСТЕУІҢІЗ КЕРЕК?

Егер Сіз сабақтан белгілі себептермен қалсаңыз, онда келесі күні бұл туралы факультет деканына хабарлауыңыз керек. Университетке келген күні сабақтан қалу себебіңізді анықтайтын мәлімет беруіңіз қажет, содан кейін факультет деканының кестесіне сәйкес тапсырмаларды орындаңыз. Егер сіз 75 сағат бойы себепсіз жіберіп алсаңыз, сіз оқудан шығарыласыз.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Құрметті студенттер! Республикамыздың болашағы - сіздердің қолдарыңызда. Ол сіздің кәсіби біліктілігіңіз бен жұмыс істеу құштарлығыңызға байланысты. Сондықтан Сіз өз міндетіңізді толық білуіңіз керек.

студенттердің құқығы:

- ҚР «Жалпы әскери міндеттер және әскери қызмет туралы» Заңына сәйкес күндізгі бөлімде оқитын студенттерді әскер қатарына шақыруды кейінге қалдыруға;
- факультет кеңесі мүшелігіне студенттерді ұсынуға;
- өз тобының өміріндегі мәселелер бойынша әкімшілік және қоғамдық ұйымдарға ұсыныс жасауға;
- арнайы шәкіртақы тағайындауға кандидаттар ұсынуға.

студент міндетті:

- өзі таңдаған білім беру бағдарламасы бойынша теориялық білімді, практикалық дағдыны және зерттеудің қазіргі заманғы әдістерін игеруге;
 - өзі таңдаған білім беру бағдарламасы бойынша белгіленген уақытта оқу жоспарын орындауға;
 - оқу сабақтарына қатысуға және белгіленген уақытта оқу жоспары мен бағдарламада қарастырылған тапсырмалардың барлығын орындауға;
 - өзінің практикалық дайындығын жақсарту үшін еңбек етуге, өз мамандығының бейімі бойынша жұмысшы мамандығын игеруге, кәсіби практикалардың тапсырмалары мен бағдарламаларын орындауға;
 - болашақ маман ретінде студенттің дайындық сапасын көтеруге ықпал ететін кафедраның ғылыми-зерттеу жұмысына, студенттердің ғылыми-зерттеу орталықтарының жұмысына, олимпиадаларға, ғылыми-техникалық конференцияларға және басқа да іс-шараларға қатысуға;
 - өз мәдени дәрежесін көтерумен айналысуға, Қазақстан Республикасы мен өз қаласының тарихын, әлем және отандық мәдениетті, халықтың салт-дәстүрін, мәдениеті мен өнерін, этика мен эстетиканы оқуға.
-
- Студент Қазақстан Республикасының лайықты азаматы, таңдаған білім беру бағдарламасының шебері болуға, өз бойында шығармашылық тұлғаның жақсы қасиеттерін дамытуға ұмтылады.
 - Студент өзінен үлкендерге құрметпен қарайды, өзін қоршаған адамдарға дөрекілік көрсетпейді, мүмкіндігінше әлеуметтік қорғалмаған адамдарға қамқорлық көрсетеді.
 - Студент – әдептіліктің, мәдениеттің және адамгершіліктің үлгісі, өнегесіздікке қарсы, дініне, ұлтына және жынысына байланысты кемсітушілікке жол бермейді.
 - Студент салауатты өмір салтын ұстанады және зиянды әрекеттерден толықтай бас тартады.
 - Студент ЖОО-ның дәстүрлерін құрметтейді, университет мүлкін сақтайды.
 - Студент ЖОО-ның беделі мен корпоративтік мәдениетін жоғарылатуға, шығармашылық белсенділікті дамытуға бағытталған барлық пайдалы қызметті (оқу-ғылыми, спорттық, шығармашылық және т.б.) қажет деп таниды.
 - Университет қабырғасынан тыс уақытта студент жоғары мектеп өкілі екенін естен шығармайды және оның беделі мен абыройын барынша сақтауға күш салады.

- Студент академиялық келеңсіздіктің барлық түрлерімен күресуді өз міндеті деп санайды, оған жататындар: білімді бақылау үрдісінде көшіру немесе басқа адамдардан көмек сұрау, өз еңбегінің нәтижесі деп барлық көлемде дайын оқу материалдарын (оның ішінде Интернет ресурстарын қосқанда), тапсыру (рефераттар, курстық жұмыстар, бақылаулар, дипломдық және басқа жұмыстар), дәлелді себепсіз оқудан қалу, кешігу, жоғары баға алу мақсатымен туыстық және қызметтік қатынастарды пайдалану.
- Студент жоғарыда аталған академиялық келеңсіздіктердің барлығын Қазақстанның саяси, экономикалық болашағын жарқын ету жолындағы, сапалы және бәсекеге қабілетті білім алу жолындағы үйлесімсіздік деп қарастырады.

Біз саналы қоғамда өмір сүреміз. Әр адамның қоғамдағы тәртібіне, жүріс-тұрысына қарап, оның тәрбиесі мен мәдениетіне баға береміз. Қоғамдық орындарда жалпыға бірдей тәртіп ережесі белгіленген.

Сіз – Шерхан Мұртаза атындағы ХТУ студентісіз. Сабақ барысында рұқсатсыз аудиторияға кіріп, шығуға тыйым салынады. Егер аудиториядан шығу қажет болған жағдайда, оқытушыдан рұқсат сұрау керек. Сырт киімді гардеробқа қалдыру керек. Сабақ барысында ұялы телефон қолдануға рұқсат етілмейді.

СТУДЕНТТЕРДІ ОҚУДАН ШЫҒАРУ ПРОЦЕДУРАЛАРЫ

Студенттерді оқудан шығару процедурасы университет ректорының бұйрығымен жүзеге асырылады.

Студенттерді оқудан шығару себептері төмендегідей болуы мүмкін:

- студенттің өз еркі бойынша;
- студенттің оқу ақысы туралы келісім- шарттарының орындалмауы;
- студенттің бір жоғары оқу орнынан екіншісіне ауысуы;
- жоғары оқу орнының Жарғысын орындамау (соның ішінде, тәртіп пен студенттің моральдық кодексін бұзу).

Жоғары оқу орнынан шығарылған студентке белгіленген үлгідегі академиялық анықтама (транскрипт) беріледі.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫН БІТІРУ ТУРАЛЫ ҚҰЖАТТАР

Оқытудың барлық кезеңінде оқу жоспарындағы барлық пәндер бойынша 240 ECTS кредит жинаған және оқу жоспарындағы барлық пәндер бойынша академиялық қарызы жоқ, бітіру диплом жұмысы мен мемлекеттік емтиханды тапсырған студенттерге мемлекеттік үлгідегі диплом беріледі. Сонымен қатар емтихандарды «А», «А-», «В+», «В», «В-» бағаларына тапсырған және қорытындысында GPA 3,5-тен төмен емес үлгерімінің орта баллын алған (GPA), сондай-ақ бітіру диплом жұмысы

мен мемлекеттік емтиханды «А» немесе «А-» бағаларына қорғаған және тапсырған жоғары оқу орнының бітірушісіне мемлекеттік үлгідегі **үздік** диплом беріледі (әскери дайындықтың бағасын есептемегенде).

Диплом қосымшасына (транскрипт) оқу жоспарындағы пәндер, теориялық курста алған бағалар, практикалық пәндер, курстық жұмыстар, оқу және өндірістік тәжірибелер бойынша тапсырылған сынақтар, бітіру (диплом) жұмысының тақырыбы, мемлекеттік емтихандардың және диплом жұмысын қорғаудың бағалары қойылады.

Қорытынды

Студент, сіз жоғарғы оқу орнын және мамандық таңдауда қателескен жоқсыз. Қазіргі уақытта білім әлеуметтік қуат болып табылады. Болашақта Сіздің шығармашылық мүмкіндіктеріңізді шыңдау алған сапалы біліміңізге байланысты. Жақсы мамандар жұмыссыз болмайды. Қызықты студенттік кезеңдеріңіз сәттілік пен жетістіктерге толы болсын!

Танысу аптасының іс-шара жоспары

Күні	Іс-шара	Уақыты	Факультет	Іс-шара өтетін орны	Жауаптылар
01.09.2026	Салтанатты жиналыс	9:00	Барлығы	Жымбыл даңғылы, 75а	Жастар ісі және тәрбие жұмысы басқармасы
01.09.2026	Кампус-тур	11:00	Барлығы	Ғимараттарда	Факультет декандары, Жастар саясаты және тәрбие жұмысы басқармасы
02.09.2026	Университет ректорының «Шерхан Мұртаза: өмірі мен шығармашылығы» тақырыбындағы дәрісі	9:30	Шығармашылық мамандықтар факультеті	№1 Ғимарат Желтоқсан 69б АКТ залы 4-этаж	Факультет деканы А.Құрманбекова
	Кредиттік оқыту технологиясы	10:30			Тіркеу офісі

	және пәндерге жазылу процедураларымен таныстыру				
	Ішкі және сыртқы ұтқырлық бағдарламасымен таныстыру	10:40			Стратегиялық даму және халықаралық ынтымақтас-тық басқармасы
	Интегралды GPA – Студенттердің жетістіктерін бағалауға арналған кешенді жүйемен таныстыру	10:50			Жастар саясаты және тәрбие жұмысы басқармасы
03.09.2026	Университет ректорының «Шерхан Мұртаза: өмірі мен шығармашылығы» тақырыбындағы дәрісі	9:30	Жаратылыстану факультеті	№1 Ғимарат Желтоқсан 696 АКТ залы 4-этаж	Факультет деканы М.Нургабылов;
	Кредиттік оқыту технологиясы және пәндерге жазылу процедураларымен таныстыру	10:30			Тіркеу офісі
	Ішкі және сыртқы ұтқырлық бағдарламасымен таныстыру	10:40			Стратегиялық даму және халықаралық ынтымақтас-тық басқармасы
	Интегралды GPA – Студенттердің	10:50			Жастар саясаты

	жетістіктерін бағалауға арналған кешенді жүйемен таныстыру				және тәрбие жұмысы басқармасы
04.09.2 026	Университет ректорының «Шерхан Мұртаза: өмірі мен шығармашылығы» тақырыбындағы дәрісі	9:30	Педагогика факультеті, Экономика және бизнес факультеті, Заң факультеті	№1 Ғимарат Желтоқсан 696 АКТ залы 4-этаж	Факультет декандары Т.Нурбеков Ж.Қуатбеков; Н.Асқарбекқызы
	Кредиттік оқыту технологиясы және пәндерге жазылу процедураларымен таныстыру	10:30			Тіркеу офісі
	Ішкі және сыртқы ұтқырлық бағдарламасымен таныстыру	10:40			Стратегиялық даму және халықаралық ынтымақтастық басқармасы
	Интегралды GPA – Студенттердің жетістіктерін бағалауға арналған кешенді жүйемен таныстыру	10:50			Жастар саясаты және тәрбие жұмысы басқармасы
01.09.2 026- 04.09.2 026	Пәндерге жазылу	9:00-17:00		Факультет тер-де	Тіркеу-офісі, Эдвайзерлер

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің ғимараттары мен студенттер үйінің мекен-жайы:


Студенттер үйі, Жамбыл даңғылы, автобус № 50, 29, 30, 38



№1 ғимарат Желтоқсан 696, Автобус бағыты (№ 50,32,17,12, 3)



№2 - ғимараты , Сатпаева 1а , автобус бағыттары № 50,29,41,44,12,30,11,47



№3 ғимарат (Қойгелді), Автобус бағыты (№ 50,32,17,12,3)



№4 ғимарат (Қаратай Тұрысов 3/1), Автобус бағыты (№ 50,46,12)

